

**Ж. Манкеева** 

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері,  
филология ғылымдарының докторы, профессор  
Алматы, Қазақстан  
e-mail: zhamal.mankeeva@tilbilimi.kz

### **ҚҰЛМАТ ӨМІРӘЛИЕВТИҢ ФИЛОЛОГИЯЛЫҚ МҰРАСЫ: ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ТІЛІ (XV-XIX ҒҒ.)**

**Аннотация.** Мақала кәсіби қазақ поэзиясының бастау көзі мен тарихи арналарын, дәстүр мен сабақтастығын, жалғастық пен жаңару үрдісін XV-XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының сөз үлгілері негізінде жан-жақты кешенді (филологиялық, тарихи-лингвистикалық т.б.) зерттеген көрнекті тілші-ғалым Қ.Өмірәлиевтің еңбектерін бүгінгі тіл білімі жетістіктері биігінен бағалауға арналған.

**Тірек сөздер:** тіл тарихы, сабақтастық, поэзия тілі, жанр, зерттеушілік таным.

**Ж. Манкеева**

главный научный сотрудник Института языкознания  
имени Ахмета Байтурсынова, доктор филологических наук, профессор  
Алматы, Казахстан  
e-mail: zhamal.mankeeva@tilbilimi.kz

### **ФИЛОЛОГИЧЕСКОЕ НАСЛЕДИЕ К.ОМИРАЛИЕВА: ЯЗЫК КАЗАХСКОЙ ПОЭЗИИ (XV-XIX ВВ.)**

**Аннотация.** Статья посвящена оценке достижений в современном языкознании трудов выдающегося ученого-лингвиста К. Омиралиева, всесторонне и комплексно (филологический, историко-лингвистический и др.) исследовавшего источники профессиональной казахской поэзии, традиции и преемственность, тенденции продолжения и обновления на основе образцов казахской поэзии XV-XIX веков.

**Ключевые слова:** история языка, преемственность, язык поэзии, жанр, исследовательское знание.

**Zh. Mankeeva**

Chief Researcher of the Institute of Linguistics named after A. Baitursynuly,  
Doctor of Philological sciences, Professor  
Almaty, Kazakhstan  
e-mail: zhamal.mankeeva@tilbilimi.kz

### **LINGUISTIC HERITAGE OF K. OMIRALIEV: LANGUAGE OF KAZAKH POETRY (XV-XIX)**

**Annotation.** This article provides a scientific and analytical description of the works of famous linguist, turkologist K. Omiraliyev, dedicated to the study of sources of professional Kazakh poetry, traditions and continuity, and tendencies of innovation on the basis of Kazakh

poetry samples of the XV-XIX centuries. The complex system of research, philological character, and historical-linguistic principle of the scientist's works are evaluated from the perspective of the anthropocentric paradigm of linguistics.

**Keywords:** history of language, continuity, language of poetry, genre, research knowledge.

Ұлттық мәдениетіміздің болмысын көрсетіп, ұлттық тәрбиенің негізі болып отырған қазақ әдебиетін ғылым ретінде жүйелеуге өз үлесін қосқан қазақ тілі тарихын, әдебиет тарихын, ел тарихын жарыстыра зерттеп, ғылыми терең еңбектер жазып, артына бай мұра қалдырған ғалым, белгілі түрколог, тілі білімі маманы Құлмат Өмірәлиев Шымкент облысы, Қазығұрт ауданында 1930 жылы 10 қарашада дүниеге келген. Шымкенттегі мұғалімдер институтының қазақ тілі мен әдебиеті факультетін бітірген соң (1951) орта мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен мұғалім, мектеп директоры болып істеген.

1953-1957 ж. Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының филология факультетін бітіріп, 1957-1960 ж. сол жерде аспирантурада оқыды. Алғашқы ғылыми жетекшісі қазақ тілінің көрнекті маманы проф. Сәрсен Аманжолов қайтыс болғаннан кейін ғылыми жетекшісі болып академик Ісмет Кеңесбаев белгіленді.

1960-1962 жж. Атырау (Гурьев) институтының оқытушысы.

1962-1972 жж. «Қазақстан мектебі» журнал редакциясының бөлім меңгерушісі.

1970 ж. академик І.Кеңесбаевтың жетекшілігімен Қ.Өмірәлиев «Язык казахской поэзии XV-XIX (40-е гг.) веков» атты тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғайды.

1972-1985 жж. ҚазКСР ҒА-ның Тіл білімі институтының түркітану және тіл тарихы бөлімінің аға ғылым қызметкері.

Құлмат Өмірәлиев 1985 жылдың 25 мамыр айында қайтыс болған.

Оңтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің ономастика жөніндегі комиссиясының шешімімен өзі оқыған Үшбұлақ мектебіне 1991 жылы Құлмат Өмірәлиевтің есімі берілді.

Ғалымның «Дулат» жөніндегі еңбегі жоғары бағаланған Семей облысының Аягөз ауданының Ақшатау орталығындағы көшенің біріне Құлмат Өмірәлиевтің аты берілді.

2001 ж. ҚР А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты ғалымның түркітанудағы еңбектерін жоғары бағалап, «Ата тарих айғақтары» жинағын шығарды.

2010 ж. А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты ғалымның 80-жылдығына орай ғылыми конференция өткізіп, 2010 ж. «Арыс» баспасы Қ.Өмірәлиевтің «Көне түркі әдеби ескерткіштер туралы зерттеулер» атты монографиясын шығарды.

2012 ж. Астана қаласындағы Түркі Академиясында, «Парасат» ҚҚИ-нің ғылыми-зерттеу орталығында, Алматыдағы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де кітаптың тұсау кесері өтті.

Өткен ғасырдың 70-ші – 80-ші жылдары А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов негізін салған дәстүрлі қазақ тіл білімін одан әрі дамытып, өрісін кеңейткен І.Кеңесбаев, М.Балақаев, Ғ.Мұсабаев, Ә.Қайдар, Р.Сыздық, Ш.Сарыбаевтардың үрдісін жалғастырған ғалымдардың жаңа легі келді. Олар қазақ тілін зерттеудің тың ғылыми-әдіснамалық негізін жетілдіріп, қолдану арқылы қазақ тіл білімін жаңа сапалық деңгейге көтерді.

Олар ана тілінің қазынасын бүкіл болмысына сіңіріп, қасиетін сезінген, тумысынан қабілетті, сөзді өнер деп ұққан ата-бабамыздың асыл қасиетін игерген, сөйлеп кетсе шешен, зерттеушілік танымы кең де терең, ойларындағы романтикалық, эвристикалық сезімдері тұлғалық деңгейге ұласқан ғалымдар шоғыры болатын. Атап айтқанда, Т.Жанұзақов, Е.Жұбанов, Е.Жанпейісов, Қ.Өмірәлиев, С.Омарбеков, С.Нұрханов т.б. Осы топтың ішінде өзінің дара ізденушілік және таза ғалымдық

болмысымен, терең де кең пайымымен ерекшеленетін шоқтығы биік тұлға – Қ.Өмірәлиев.

Ғалымның мұрасын зерделеу үстінде қатарлас жүрген рухтас жолдасы, көрнекті тілші-ғалым Е.Жанпейісовтің Қ.Өмірәлиев шығармашылығын «тіл тарихы, әдебиет тарихы, ел тарихы тоғысы» деп бағалаған пікірінің шындығын көреміз. Ғалымның үш жүзден астам үлкенді-кішілі еңбектері тікелей, я жанамалай болса да тарихқа соқпай кетпейді. Бұл ғалым өрісінің кеңдігін ғана емес, зерттеушілік тереңдігін көрсетіп, сол заманның өзінде тілді адам танымының өзегін айқындап, құрал ретінде танитын бүгінгі таңдағы кешенді бағытпен ұштасқан «Құлматов феноменін» де дәлелдейді. Себебі «Зерттеулерін бұлай бірнеше ғылым тоғысында жүргізетін, ғұламалығы жағынан сойы бөлек мұндай тұрпатты ғалымдар ғылымда жалпы сирек құбылыс» (Е.Жанпейісов).

Charl F.Carson мен Hasan Oraltay сынды шетелдік ғалымдардың 1983 жылы Лондондағы «Central Asian Survey» ағылшын басылымында жарияланған «Күл Тегін: келешек үшін насихат па?» мақаласында және оның 1985 жылы Анкарадағы «Asia – Afrika Araktirmalari Grubu» жинағындағы түрік тіліне аударылған нұсқасында Қ.Өмірәлиевтің 1982 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде шыққан «Күл Тегін» мақаласына 68 жерде сілтеме жасалуы да ғалымның өзіндік тұлғасы мен зерттеулерінің жоғары бағасын дәлелдейді.

Осыған орай «тұтастық», «жалғастық», «сабақтастық» ұғымдары арқау болған Қ.Өмірәлиевтің ғылыми ой жүйесі оның барлық еңбектерін ортақ бір арнаға тоғыстыратынын байқаймыз. («XV-XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі», «Қазақ поэзиясының жанры мен стилі», «VIII-XII ғасырлардағы көне түркі әдеби ескерткіштері», «Оғуз қаған» эпосының тілі» т.б).

Бұл зерттеулердің бәрінің қазығы – көне түркілік ескерткіштер тіліндегі сұлу сөз орамдары мен бейнелі тіл өрнектерінен басталып, ақын-жыраулар мен Махамбет, Дулат өлеңдерінде жалғасқан поэтикалық тіл арқылы бейнеленген «көркем әлем».

Осыған сәйкес ғалым шығармашылығына қазақ көркем ойлау жүйесін айшықтаудың қазақ поэзиясындағы бастау көздерін көне түркілік тамырымен сабақтастырған әдебиет пен тіл тоғысындағы филологиялық сипат тән. Мұндай зерттеулердің қазіргі таңдағы тіл білімі мен әдебиеттанудың лингвопоэтика, мәтінтану, дискурс, текстология мәселелерінің мәнін ашуда ғылыми құндылығы аса жоғары. Олай болса, Қ.Өмірәлиевтің монографиялары мен өзекті ғылыми мақалалары өз заманында да зиялы-ғылыми ортаның рухани-әлеуметтік санасында тың серпін туғызса, қазіргі таңда да қазақ филологиясы мен руханиятын, түркітану саласын зерттеуді жаңа сапалық деңгейге көтеруде, жаңғыру үрдісінде тиімді ғылыми-әдіснамалық құрал ретінде бағалануы тиіс.

Мысалы, посткеңестік замандағы Қазақстанның Ресейге өз еркімен қосылғанын тойлап жатқан 1982 жылы Қ.Өмірәлиев «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған «Күл Тегін» атты мақаласы әуелден бостансүйгіш түркі (қазақ) рухының отаршылдыққа қарсылығын астарлаған үні іспетті.

Ғалым талдаған Күл Тегіннің сөзінде «ертедегі түркілердің таным-түсінігі, мінез-құлқы, сана-сезімі, ой өрісі, мұң-шері, аңсаған арман-мұраты, өрлік пен ерлік үні» тасқа қашап таңбаланған. Сөз мазмұнын талдау барысында ертедегі түркілердің тарихи шындықты тануы, өткен тарихын, өз заманын, өздерін қоршаған ортасын қалай, қай дәрежеде танығаны анықталады. Соның нәтижесінде зерттеуші осыдан 1250 жыл бұрын Орхон бойына қойылған тас кітапты (бітігташ) түркі халықтарының тарих сахнасына шығуы мен өзің тануының, өзгелерге осы танымды мойындатуының тарихи куәсі іспетті қызмет атқарғанын көрсетеді.

Қ.Өмірәлиевтің Күл Тегін сынды тұлғаға берген бұл бағасы бүгінгі таңдағы «рухани жаңғыру» үрдісінің құндылықтық мәнін түсіндіргендей. Ең бастысы, Күл

Тегіннің тұлғалық болмысын, ой-пайымын ескерткіштің көркем тілі арқылы бейнелеп тұрғаны.

Демек, өлең – сөздегі поэтикалық дискурстың ұлттық болмысын мәдени-әлеуметтік тұрғыдан сипаттаған Қ.Өмірәлиевтің мұрасынан тілдік тұлға деңгейін ашуға қатысты тұжырымдарды табуымыз – заңдылық.

Жалпы, сөз өнерінің теориясында қарастырылатын поэтика мәселесін танудың ғылыми концепциясы А.Потебняның, В.Виноградовтың, В.М.Жирмунскийдің еңбектерінде қарастырылғаны белгілі.

Ал қазақ тіл білімінде сөз өнері тұрғысынан қазақ көркем сөзінің поэтикасы алғаш рет А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұмалиев, М.Әуезов еңбектерінде негізделсе, одан әрі жетілуі Р.Сыздық, Қ.Өмірәлиев, Е.Жұбанов зерттеулерінде жеке сөз зергерлерінің тұлғалық болмысымен байланыста және оның динамикалық категория ретінде коммуникативтік қызметіне мән беру арқылы тереңдей түсті.

Ал Қ.Өмірәлиевтің поэтика тілін зерттеулерінің ерекшелігі – әуелде ауызша туып, тараған поэзия үлгілерінің одан әрі жанрлық сөз үлгілерінің қалыптасуына ықпалын тарихи даму сипатында қарастыруында. Бұл мақсаттағы зерттеулерін ғалым қазақ поэзиясының XV ғасырға дейінгі арналарынан бастап (VIII, XI, XIII ғғ.) сақталған, кейінге жалғасқан (XV-XIX ғғ.) көне жазбалардағы ауызша сөз үлгілеріне жан-жақты талдау жасаған «XV-XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясы тілі» атты монографиясы (1976 ж.) арқылы жүзеге асырды. Оны қазақ поэзиясы тілінің генезисін сипаттаған кешенді жүйе деп бағалауға болады. Бұл туралы көрнекті әдебиеттанушы ғалым Р.Бердібаевтің сөзімен айтқанда, «Әдебиеттану мен тіл білімінің аралық жігінен келіп, бұл егіз ғылымның басын біріктіретін ортақ проблемаларды сөз ету автордың (Қ.Өмірәлиевтің – М.Ж.) негізгі бағыты деуге болады».

Осымен байланысты қазақ филологиясындағы маңызды мәселенің бірі әдеби тіл тарихына байланысты екені белгілі. Қазақ әдеби тілінің қалыптасуын жазумен байланыстыратын евроэзектік қасаң қағидаға сай қазақ әдеби тілінің бастауын Бұқарға тірейтін тұжырымдармен келіспейтін әдебиетіміздің көне замандағы үлгілері мен нұсқаларын түбегейлі зерттеген Б.Кенжебаев, М.Мағауин, Н.Келімбетов, Р.Бердібаев сынды ғалымдардың қатарында тілші-ғалым болып саналатын ғылыми өрісі кең, зердесі терең зерттеуші Қ.Өмірәлиевтің «VIII-XII ғасырлардағы көне түркі әдеби ескерткіштері» атты монографиясының да маңызы зор.

Осы кітапқа ғалым ертедегі түркі қағанатының әдебиетіне жататын Күл Тегін, Білге қаған, Тонькөк туралы сөздеріне және ежелгі түркі халқының фольклорына қатысты «Оғыз қаған» дастанына дәйекті зерттеу жүргізеді.

Қазақ әдебиеті тарихындағы көне мұралар бойынша білгір маман-ғалым Н.Келімбетов көрсеткендей, VIII жазылған «Күл Тегін батыр туралы сөздің» алдындағы рухани қайнар көздер одан да ежелгі дүние тарихының қойнауына жетелесе, ал VIII-XII ғасырлар мен XIII-XIV ғасырларда түркілер бай жазба әдебиет жасау дәрежесіне жеткен.

Ал, 1983 жылы жарық көрген «Қазақ поэзиясының жанрымен стилі» монографиясында XIV ғасырда жасаған Асан Қайғы, одан кейінгі Шалкиіз, Қазтуғанға жалғасқан Бұқар, Махамбет, Дулат өлеңдерін Қ.Өмірәлиев «ауызша әдебиет» деп санайды. Осы кітаптың Дулатқа арналған екі тарауында ақын өлеңдерінің композициялық құрылысын, сөз-образдарын талдай келіп, Дулаттағы өзінен ілгерідегі Бұқар, Махамбеттерден мүлде басқа жаңа өлең үлгісін көрсетеді. Осылайша «дулаттану» ұғымын шынайы ғылыми айналымға енгізген Қ.Өмірәлиев Дулат ақынның ұлы Абай алдындағы қазақ поэзиясындағы орнын көрсеткен.

Ал, лингвист-ғалым Қ.Өмірәлиев поэтикалық тілді зерттеуде мына мәселелерге ерекше назар аударады:

1. Өлең құрылысын зерттеуде ырғаққа ерекше назар аударып, «ырғақ – өлеңнің

моторы» деп бағалайды [1,5]. Мұны Қ.Өмірәлиев зерттеулеріндегі XV-XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілін өзге жанр тілінен ерекшелігін грамматикасының ырғақпен, ұйқаспен астасып, синтаксистік-морфологиялық нормасына сай құрылымдалатын көнетүркілік рух мазмұнын берудің тәсілі деп түсінген жөн.

Соған орай, өлеңнің синтаксистік жүйесі грамматикалық формалары арқылы өлең ырғағымен бірлікте қаралып, жанрлық сипатын айқындайды. Мысалы, XV ғасырдағы Бұқар жырау жырында көрінетін синтаксистік ерекшелік – өлеңнің ырғақ заңдылығы негізінде туған поэтикалық тіл тұрақты тәсіл ретінде көрсетіледі:

Құландар ойнар құр тақыр  
 Қурай бітпес *демеңіз*  
 Қурай біткен құба жон  
 Құлан жортпас *демеңіз*  
 Құрсағы жуан боз бие  
 Құлын салмас *демеңіз*.

2. Поэзия тілін (XV-XIX ғғ.) оның көтерген тақырыбымен, идеясымен, жанрымен бірлікте қарау.

Мысалы, Махамбет поэзиясы тілінің қуаты Бұқар сияқты қазақты тұтас алмай, оны қара халық (бұқара) пен ел-билеуші әкім хан-сұлтанға бөліп қарап, оларға көтерілістің көзімен қарсы сөйлеуінде деп түсіндіреді. Осымен байланысты ғалымның: «Ал енді қалай айту – түсініктің, идеяның жемісі. Демек, қазақ поэзиясында ненің айтылып, ненің айтылмауында осы поэзияның сезіну, көру, бағалау тарихы жатыр» [1,12] деген пікірін «тілдік тұлға» ұғымымен байланыстыруға болады.

Сол сияқты Махамбет жырларындағы «менді» Қ.Өмірәлиев ақындық «мен» емес, батыр «мен» деп танып, оны өзіне дейінгі жыраулар поэзиясына, «Едіге» т.б. жырларға тән белгілердің жалғастығы деп қарайды. Махамбеттің поэзиясындағы көркем ойдың тілдік бейнесін беру мақсатында сөздің мағыналық аясының автор танымына сәйкес символдық өріске дейін шығуын, дәстүр мен жаңашылдықтың тоғысын ғалым «қызғыш» сөзінің қолданысы арқылы көрсетеді: «Айталық, өзге бір жерде *арыстанға* теңеп отырған Исатайын бірде Махамбет: *қызғыштай болған есіл ер, қайранда жұрттан не көрді* – деп қызғышқа теңейді. Мұнда ақын Исатайдың ерлігін айтайын деп отырған жоқ, оның халыққа, жұртқа қамқоршы болуын, ел қорғаны болуын, жанашырлығын ескеріп отыр» [1, 215]. Бұл – халық ұғымындағы *қызғыштай қорыды* деген тіркестің, *қызғыш құс – көл қорықшысы* деген түсініктің негізінде ашылған лингвомәдени код.

Сонымен қатар осы кезеңдегі қазақ поэзиясында «көшіп жүрген» даулы өлең жолдарын Қ.Өмірәлиев олардың арасындағы жанрлық тілдік-стильдік тәсіл байланысының мұралық-жалғастық дамуының көріністері деп санайды. Яғни цитаттық сипаттағы жолдар – жағдай сипатына қарай қажеттіктен туған қолданыстар, сабақтастық көрінісі.

Ғалымның: «*Балдағы алтын құрғыш болат* тіркесі XV ғасырға тән бе? Ол дәуір жырында үнемі *түсі суық шым болат* түрінде келеді емес пе?

*Азамат ердің баласы* деген тіркес XV ғасыр поэзиясына тән бе?

Махамбеттің өзге өлеңдерінде осы тіркес өте жиі келетіні назар аудармай ма?» деген талдаулары қазіргі тарихи, мәнмәтіндік, мәтіндік және текстологиялық талдаулармен астасады.

Қ.Өмірәлиев көрсеткен Махамбет поэзиясы тілінде жиі кездесетін (*қарындас, хан, сұлтан т.б.*) қоғамдық-әлеуметтік мазмұнды бейнелейтін лексика ғана емес. Немесе топонимдік жүйе (*Еділ, Жайық, Нарын, Сағыз, Жем т.б.*) тек географиялық ұғым ретінде ғана қолданылмайды. Сол сияқты қару-жарақ атауларының көп кездесуі (*найза, ақ алмас, көк семсер т.б.* және өзіндік эпитеттер, теңеулер, метафоралар т.б.) «*Еділ үшін егескен, Жайық үшін жандасқан*» ақынның асқақ та күрескерлік рухы-

мен сабақтас талданып, қазіргі лингвокогнитивтік, антропоэзектік бағытқа сәйкес тіл қызметін түсіндіретін қағидалармен ұштасады.

«Едіге» т.б. тарихи жырларда *қызыл нар, ақбота, желмая, боз інген* сияқты сұлулық мәнді дәстүрлі тіркестердің орнына Махамбетте қайрат пен күшті, шыдамдылықты бейнелейтін *қара нар, қас үлек, сары атан* сияқты тіркестердің қолданысы қазіргі тілмен айтқанда, Махамбет танымына, тұлғасына, не дискурсына сай ғалым назарынан тыс қалмаған.

Ғалымның өз сөзімен айтқанда, «екі сөз ұстасының (Бұқар, Махамбет) өлеңдерін зерттеу осы дәуір (XV-XIX ғғ.) поэзиясы тілін тануға толық жауап бере алады».

Осы кітаптың соңын ғалым: «...Дулат поэзиясы тілі туралы зерттеусіз XIX ғасырдағы қазақ поэзиясы тілі Абайға дейінгі дәуір поэзиясы тілі туралы соңғы тұжырым пікір айтуға болмайды. Жалпы Абайға дейінгі қазақ поэзиясы тілі – Абай шығармалары тілінің өзекті бір саласы – Дулат шығармалары арқылы ғана анық танылмақ» деп қорытады [1, 268].

Осы тұжырымның ғылыми-дәйектік жалғастығы Қ.Өмірәлиевтің 1983 жылы жарық көрген «Қазақ поэзиясының жанры және стилі» деген келесі еңбегінде жүзеге асқанын жоғарыда көрсеттік [2].

Алдыңғы еңбекте Махамбет тілін танудағы қоғамдық-әлеуметтік, тарихи жағдайлардың ықпалы мен байланысы Дулат поэзиясын зерттеуде де ғалымның негізгі ұстанымы ретінде қолданылған.

Қ.Өмірәлиев – қазақ тіл білімінде лингвопоэтика жүйесінің ғылыми-әдіснамалық негізін қалаудың басында тұрған көрнекті ғалымдардың бірі. Ғалым поэзия тілін (Дулат айтқандай: *Сөз – жібек жіп, Жыр – кесте*), «сөздің ұқсас әрі ұйқас емес өрнекті бірнеше қайталау арқылы ұқсас көп өрнектердің тізбек қатарын жасап барып, бір бүтін кесте шығаруы, үйлесімді, гармониялы стильдің тууы» деп анықтайды [2, 19].

Ғалымның осы кестені құру үстіндегі «айтушының психологиясы, сезім-күйі, көзқарасы, идеясы сөз иесінің айту шеберлігіне тән таңба түсіреді» деген пікірі В.Виноградов сынды ғалымдардың поэтикаға «автор бейнесіне» қатысты пікірімен үндесіп, қазақ көркем әдебиет стилистикасының өрісін дамыту туралы ойларымен жалғасады. Осымен байланысты Қ.Өмірәлиев ойларының ғылыми құндылығы ақын тілін мәтіндік тұтастықта талдауға қатысты заманауи зерттеу үрдісімен сабақтастығында.

Мысалы, ғалым Дулат өлеңдері тілінің қазақ филологиясында бұл күнге дейін жеке өлең-сөздерінің өлшем-өрнектері негізінде ғана бағаланып келгенін тілге тиек етеді де, шын мәнінде, «...өлеңнің барша өлшем-өрнектері өлең синтаксисінің аясында, тұтас бір форманың ішінде, яғни өлеңнің ырғақ жігі, шумак жігі өлеңнің синтаксистік жүйесімен бірлікте қарастырылуы тиіс» деген тұжырым ұсынады [2, 28].

Осымен байланысты өлең туғызатын *ырғақ ағымы, әуез үйлесімі, дыбыс үйлесімі* т.б. ұғымдар тұтастықты ғана білдірмей, олардың көркем дүние де туғызуда негіз болатынын XIX ғ. 30-40 жылдарына дейінгі қазақ поэзиясының өлең түрлері арқылы көрсетеді.

Өлең-сөздің сыртқа шығуы үшін ең әуелі өлеңнің өлшем-өрнегін, қалыбын табу маңызды екенін Дулат өлеңдерінің жыр өлшемін Абай өлеңдерімен салыстыру арқылы анықтап, «өлең», «жыр», «сөз» түрлерін саралайды.

«Жаңа үлгідегі ақындық» кәсіп емес, өнер тұтынған, ...өлең-сөздің қоғамдық қызметін өте терең түсініп, зор бағалаған, әлеуметтік тартыстың үлкен бір құралы» деп анықтаған ғалым пайымына сай Дулат поэзиясы тілінің кәсіби жаңалық сипатын тану ақын өлеңдері мәтінінің композициялық-синтаксистік жүйесі арқылы жүзеге асқан.

Қорыта айтқанда, қазақ көркем ойлау жүйесін бейнелеудегі қазақ өлең-сөз әлеуетін, поэзия тілінің жанрлық даму генезисін зерттеуге бар рухани-танымдық

қайратын жұмсаған ғұлама ғалым Қ.Өмірәлиевтің ғылыми мұрасы, рухани-көркем қазынасы қазақ өлеңінің көркем тілі арқылы ұлт болмысын танытуға бағытталған зерттеулері қазақтану іліміне қосылған үлес деп санаймыз.

Қ.Өмірәлиевтің өткен ғасырдың сексенінші жылдарында айтқан: «Егер де тіл білімі грамматикалық категориялардың анықтамалары мен ерекшеліктерінен ғана тұратын болса, онда бұл ғылым үшін қазақ әдебиетінің ұлы классиктері Абай мен Мұхтардың шығармаларына соқпай да, оларды мүлде ұмыт қалдырып та оқулық-тар жасауға, осы оқулық талаптары сипатындағы монографияларды жазуға әбден болады» деген тұжырымы қазіргі тіл білімінің антропоэзеттік парадигмасы мен болашақ межесін белгілейді [2,18]. Бұл пікір Қ.Өмірәлиев зерттеулерінің филологиялық қана емес, «ұлттық сана мен тіл» байланысына құрылған кешенді сипатын да көрсетеді.

### Өзекті ғылыми мақалалары мен монографиялары:

1. Абай текстологиясы және оны бірізге келтіру мәселесі // Қазақстан мектебі, 1962, №11. – 71-78 б.
2. Шығыс әдебиеті және Абай // Қазақстан мұғалімі, 13 қыркүйек, 1962.
3. Тіліміздегі кейбір сөздердің этимологиясы төңірегіндегі ой // Қазақстан мектебі, 1966, № 2. – 70-72 б.
4. Қазақ және мадияр (венгр) тілдеріне ортақ сөздер // Қазақстан мектебі, 1967, № 5. –82-83 б.
5. Көне дәуірдегі сөз үлгілері және оларды зерттеу тәсілі // Қазақстан мектебі, 1971, № 2. –88-93 б.
6. М.Қашқари «Сөздігіндегі» поэзия үлгілері және оның дәуірі // Қазақстан мектебі, 1972, № 2. – 77-82 б.
7. Қазақ тілінің тарихи іздері // Қазақ ССР ҒА Хабарлары. Тіл-әдебиет сериясы, 1978. № 2. –53-61 б.
8. «Қазақ тілі тарихының мәселесі» // Қазақстан мектебі, 1974, № 1. – 78-82 б.
9. Қазақ тілі грамматикасының практикумы. Алматы, 1973 (авт. бірі).
10. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы (Бақылау-пысықтау жаттығулары). Алматы, 1975. (авт. бірі).
11. XV-XIX ғ. қазақ поэзиясының тілі. Алматы, 1976. (монография) –240 б.
12. «Ен-танба туралы», «Ай санау дәстүрлері туралы» // І. Кенесбаев. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы, 1978.
13. «Күл тегін» ескерткішіне 1250 жыл // Қазақ әдебиеті, 23 шілде, 1982.
14. Қазақ поэзиясының жанры және стилі (XIX ғ. бірінші жартысы) –Алматы, 1983. (монография) – 239 б.
15. VIII-XII ғ. көне түркі әдеби ескерткіштері. –Алматы, 1985 (монография). –128 б.
16. «Оғуз қаған» эпосының тілі. – Алматы: Ғылым, 1988 – 280 б. (монография).
17. Қазақ әдеби тілінің тарихи көздері. – Алматы, 1989 (авт. бірі).
18. Дулат Бабатайұлы. Замана сазы: өлендер мен дастандар. –Алматы, 1991. –160 б.
19. Абай афоризмы. – Алматы, 1993.
20. Ата тарих айғақтары. – Алматы, 2001.
21. Көне түркі әдеби ескерткіштері туралы зерттеулер. –Алматы: Арыс, 2010. –656 б.

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

[1] Өмірәлиев Қ. XV-XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі. Алматы: Ғылым, 1976. – 270 б.

[2] Өмірәлиев Қ. Қазақ поэзиясының жанры және стилі (XIX ғ. Бірінші жартысы) – Алматы: Ғылым, 1983. – 239 б.

### REFERENCES

[1] Umiraliyev K. Language of Kazakh poetry of the XV-XIX centuries. Almaty: Nauka publ., 1976. – 270 P.

[2] Umiraliyev K. Genre and style of Kazakh poetry (first half of the XIX century) – Almaty: Nauka, 1983. – 239 P.